

## **Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 51 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 25 наурызда № 7181 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Уәлиханов ауданының әкәмі*

*К. Пшенбаев*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Уәлиханов ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 18 наурыздағы  
№ 51 қаулысына қосымша

## **Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің кейбір күші жойылған қаулыларының тізбесі**

1. "Мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 2 сәуірдегі №87 қаулысы (2019 жылғы 9 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5299 болып тіркелген).

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 2 сәуірдегі №87 "Мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы №286 қаулысы (2019 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5747 болып тіркелген).

3. "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 наурыздағы №57 қаулысы (2019 жылғы 5 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5276 болып тіркелген).

4. "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 наурыздағы №57 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 283 қаулысы (2019 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5738 болып тіркелген).

5. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 наурыздағы №56 қаулысы (2019 жылғы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5275 болып тіркелген).